

«Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңдері балаларды оқу, білімге шақырды. Бұл оқушылардың оқуына, жаттауына жеңіл, білімдік және тәрбиелік жағынан маңызды шығармалар болып табылады.

Мен Ыбырай Алтынсаринның «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің мәнін ашып көрсетсем.

«Бір Аллаға сиынып,

Кел, балалар, оқылық» – деп қандай жағдай болмасын біз Алланы ұмытпауымыз керектігінен, ерқашан дінімізді, ділімізді ұмытпау керектігін естен шығармауымыз керектігін өлең жолдарына тірек еткен.

Оқыған әрбір нәрсені есімізде сақтап, оны қажетімізге пайдалану керектігін ашып айтқан. Оқудың пайдасы мен оқымай, білімге ұмтылмаған баланың болашағы бұлыңғыр болатынын ескерткен. Яғни жас ұрпаққа оқып білім алсақ бізде дәулет, байлық бәрі болатынын, алған білімді ешбір есепсіз жаратпай, пайдаға жұмсау керектігін айтады.

Ыбырай Алтынсаринді қазақ балаларының білім іргетасын қалаушы дейсек болады. Біріншіден, ол өз шығармалары арқылы балаларға білім керек екенін айтты. Білім көптеген жабық есіктердің кілті болып табылатынын түсіндірді. Егер балалар білімді болса, онда мұндай халықтың болашағы жарқын. Білім дамуға, жетілдіруге жол ашады. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқы білім алу үшін ең алдымен бойымызға адамгершілік құндылықтарды сіңіре білуіміз керек деп тәрбие мен білімді ұштастырып қараған.

«Өнер, білім, бәрі де оқуменен табылған» – деген өлең жолдары осыған дәлел. Біздің көзіміз ашық білімді болсақ біз білімді де, ғылымды да, өнерді де бағындырамыз сөзсіз. Оның қандай шығармасын алып қарасақ негізгі ой өнер, білім, адамгершілік, достық, әдептілік мейірімділік тәрбиелеу болды. Ыбырай Алтынсаринның тәрбиелік мәні бар шығармалары: Мәселен, «Таза бұлақ», «Бақша ағаштары» т.б. Оның «Бақша ағаштары» әңгімесінде бағып-қағуда көп мағына бар екенін айтқан. «Шырағым, мұнан сен де өзіңе ғибрат алғайсың. Сен де жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы істер үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы тұзу кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай өсерсің» деп балаларға тәрбиелік мәні бар құнды еңбектер жазып қалдырған.

Ыбырай Алтынсарин балаларды оқу, білімге шақырып алғаш үнге қосқан ұстаз ретінде тарихта қалса. Сондай-ақ алғаш рет «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын құрастырған да Ыбырай атамыз екені белгілі. Қазақ қыздары үшін алғаш мектепті ашқан да осы Ыбырай атамыз.

Бүгінде Қазақстан халқы Ыбырай Алтынсариннің қосқан зор үлесін, көрнекті ағартушы екенін ұмытпайды. Оның құрметіне аудандар, даңғылдар, білім беру және ағарту мекемелері, жоғары оқу орындары мен академиялық мекемелер аталған, мысалы, Қазақстанның жетекші педагогикалық орталықтарының бірі – ұлттық білім академиясы.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына білім нәрін сеуіп, қараңғылықта шам болып жанған ағартушының есімін, қысқа ғана ғұмырында өз халқының болашағына білім сыйлағанын, әділдіктің жақтаушысы болғанын ұмытпауымыз керек.

### Әдебиеттер тізімі

1. **Алтынсарин Ибрагим.** Собрание сочинений. 3 томдық. Т. 1. Алматы: ҚазКСР" Ғылым", 1975. 360 б.
2. **Жұмағұлов Қ.Т.** Ыбырай Алтынсарин (Алғы Сөз. профессор Х. Х. Махмулова). Ташкент: әдебиет және Өнер баспасы. Гафура Гуляма, 1975. 160 б.
3. **Алтынсарин Ибрагим.** Собрание сочинений. 3 томдық. Т. 3. Алматы: ҚазКСР" Ғылым", 1978. 352 б.
4. "Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің мұрасы бүгінгі күні де өзекті – ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Г. Қасымжановтың".
5. inform.kz. – URL: [https://www.inform.kz/ru/nasledie-velikogo-uchitelya-ibraya-altynsarina-aktualno-i-segodnya-zasluzhennyi-deyatel-kul-tury-rk-g-kasymzhanova\\_a2420663](https://www.inform.kz/ru/nasledie-velikogo-uchitelya-ibraya-altynsarina-aktualno-i-segodnya-zasluzhennyi-deyatel-kul-tury-rk-g-kasymzhanova_a2420663) (өтініш берген күні: 10.12.2019).

ӘОЖ 37.373

### ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ЖАЗУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Кенжебаева Г. М. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Нұр-Сұлтан қаласы.*

*Мақалада бүгінгі білім беру жүйесіндегі жаңартылған білім бағдарламасымен оқып жатқан білім алушылардың жазу сауаттылығы жөнінде айтылады. Оқушының жазу сауаттылығын қалып-*

*тастыруда тіл білімінің фонетика саласын терең меңгерудің маңызды рөл атқаратындығына тоқталады. Жазу сауаттылығын қалыптастырудың қадамдарын саналап көрсетеді.*

*Түйін сөздер: жаңартылған білім бағдарламасы, жазу сауаттылығы, білім беру технологиясы, дүниетаным, функционалды сауаттылық.*

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесіндегі реформа – жаңартылған білім бағдарламасының өндіріске енуі. Жаңартылған білім бағдарламасының басты мақсаты функционалды сауатты тұлға қалыптастыру. Функционалды сауатты адам өзінің алған білімін өмірде қолдана алатын адам. Сонымен қатар өмір бойы оқитын, білімін толықтырып, жетілдіріп отыратын адам. Жаңартылған білім бағдарламасы танымға құрылған оқыту. Яғни жаңартылған білім бағдарламасында оқушының дүниетаным мәселесі бірінші орынға қойылады. Сол себепті де пәнаралық байланыс бірінші орынға шыққан. Жаңартылған бағдарламадағы шиыршық әдісі де соның дәлелі. Әрине, орта білім беру ұйымдарындағы педагогтар оқушының таным дүниесінің қалыптасуын, оның бірінші орынға шығуын құптады. Дегенмен оқытуда білімалушының жазу сауаттылығы кемшін қалып қойып отыр. Оның себебі жаңартылған білім бағдарламасымен өзіннен қазақ тілі оқулықтарындағы грамматика мазмұнының екінші кезекке шығып қалғандығы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 – бабында «Мемлекеттік стандартты басшылыққа алу арқылы білімділіктің деңгейін, жалпы білім сапасын көтеру – білім беру жүйесінің міндеті» – деп шығармашылықпен жұмыс істеуді талап етеді [1]. Оқушылардың білім сапасын көтеру үшін жазба жұмыстарын көбірек жүргізу қажет. Себебі, жазба жұмысы – білім сапасының көрсеткіші. Оқушылармен жазба жұмыстарын үнемі жүргізу, оны тексеріп, талдап, саралап отыру, оған Мониторинг жасап сол арқылы қателермен жұмыс жасап отыру – нәтижеге жетудің кепілі болмақ.

Әрбір сабақта оқушының жазу сауаттылығын тексеріп, жазба жұмыстарын жүргізу баланың әр тақырыптан алған білімін саралауға көмектеседі. Мұғалімге бұл оқушымен ары қарай қалай жұмыс істеу керек, неге көбірек көңіл бөлу қажеттігін анықтап береді. Баланың қатесіз, сауатты жазуы үшін қандай тапсырмалар орындату керек, қандай әдіс-тәсілдерді, тапсырмалар жүйесін қолданса дұрыс болады деген сұрақтарға жауап ала алады.

Оқушы орындаған жазба жұмыстарын мұғалім тарапынан үнемі талдап отыру, оқушының әрбір сабақтан алған білім сапасы мен әлі де болса меңгере алмаған тақырыбын айқындап береді. Оқушының жазба жұмысын диагностикалап отыру – олардың білім сапасын, жазу сауаттылығын көтеруге зор ықпалын тигізеді.

Жалпы білім беретін мектептердегі жетекші пән – қазақ тілі. Білім алушыны сауатты жазуға, сауатты сөйлеуге үйрету де осы пәннің нысанына кіреді. Бала сауатты жазуы үшін қазақ тілі пәнін оқуда грамматикалық ережелерді түсініп оқып, қоғамда, айнала қоршаған ортада қажетіне жаратып, өмірлік тәжірибесінде қолдана алуы керек.

Сонымен қатар қазақ тілі сабағы – эстетикалық тәрбиенің нағыз үлгісі болуы қажет. Ол үшін мұғалім тілдің сұлулығын таныта алатын түрлі әдістерді қолдануына болады. Ой сұлулығы – білім тереңдігінен құралатын болса, тіл сұлулығы – сол терең ойын тілдік құралдармен әдемі етіп өріп шығара білуінен көрінеді. Кино мен музыка, театр туындыларын көруден кейінгі жүргізілетін жұмыстар (пікір айту, ой таластыру) оқушының эстетикалық талғамын қалыптастыруға зор ықпал етеді. Осы айтылым әрекетін жазылым әрекетіне ұластыруға болады.

Оқушыға білім беру мен тәрбиелеу – бір-бірінен айырғысыз құбылыстар. Тәрбие сабақ барысында ғана емес, сабақтан тыс кезде де жүргізіліп жататын үдерістер.

Жалпы лексика саласы тілдің ең құнарлы, ең бай өзегі болып саналатындықтан қазақ тілі арқылы оқытуда жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруға бағытталуы орынды. Себебі, жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты тәрбие арқылы баланың бойына білімді сіңіре отырып, дүниетанымы қалыптасқан жеке тұлға қалыптастыру. Яғни, тәрбиесіз білімнің пайдасыз екендігіне баса назар аударылады. Дегенмен, мұғалім әрбір сабағында баланың сауатты жазуын қадағалауы және соған жұмыстануы қажет. Педагогтың ізденісі, шығармашылығы, еңбегінің нәтижесі білім алушыны жетістікке жеткізері анық. Баланың жазу сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлері өте көп.

Баланың жазу сауаттылығының қалыптасуы фонетика саласын оқытудан басталады. Оған дәлел алаш зиялысы А.Байтұрсыновтың: «...қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендік, я білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы тұзу басталса, барысы да тұзу болмақшы», – деген пікірі [2]. Дыбысты жақсы меңгерген бала, сөзді буынға бөлуде қиналмайды. Буынға бөле білген бала, оқуға тез жаттығады. Сонымен қатар қатесіз жаза алады. Жазу сауаттылығының бастауы балаға әріп танытып, оқуды, жазуды үйретуден бастау алады. Әріпті таныған бала да буынға бөліп оқу машығы қалыптасады. Буынға бөлуді дұрыс меңгермеген білім алушының оқу дағдысы төмен, жазу сауаттылығы қанағаттанарлықсыз болады. Жазудағы сауатсыздыққа әкелудің

бастауы осында жатыр. Яғни педагогтың баланы сауатты жазуға үйретудегі бірінші әрекеті әріпті танытып, буын, тасымалды дұрыс үйрету екен.

Дұрыс сауаттанған баламен жұмыс жасау да жеңіл болады. Педагогтың келесі міндеті, осы сауаты ашық баланы оқуға қызықтырып, үйрету. Яғни көркем шығарма оқуға деген ынтасын ояту, баулу. Баланың жас ерекшелігін ескере отырып, танымына, қабылдауына сай келетін көркем шығармаларды (ертегілер, аңыздар, көлемді шығармалардан үзінді, әңгімелер т.б.) оқыту. Сонда сауатты жазуға үйретудің тағы бір жолы – көркем шығарма оқыту болмақ. Көркем шығарма оқыған баланың сөйлеу тілі де көркем, сөздік қоры да мол болады, дүниетанымы кеңейеді. Баланың сөздік қорының болуы, сөз мағынасын терең түсінуі осы көркем шығарма оқудан қалыптасады. Көркем шығарманы көп оқу баланың тілін ғана емес, көру жадысын да жаттықтырады. Сауатты жазуға осы көру жадысының ықпалы өте зор.

Баланы сауаттылыққа жаттықтыруда мұғалім әрекетінің тағы да бір жолы – сабақта жазба жұмыстарын үнемі жүргізіп отыру. Диктант, мазмұндама, шығарма жаздыру. Қосымша тапсырма ретінде сыныптың өсуіне қарай балаға көшіріп жазуды орындату да өз нәтижесін беретін жұмыстың бір түрі. Қазіргі кезде мектеп мұғалімдері жаңартылған бағдарламада диктант жоқ деген уәж айтады. Бірақ мұғалім шығармашылығы қайда? Жазылым әрекетін орындауда неге шағын мәтінді алып диктант жаздырмасқа, оны бір-біріне тексертіп, кері байланыс орнатуға болмай ма?

Қазақ тілін оқытуда барлық мұғалімнің ортақ проблемасы жаңартылған білім мазмұнындағы грамматиканың жүйесіздігі. Бұл проблеманы қалай шешуге болады? Дәстүрден тыс сабақта білім беру технологиялары кеңінен қолданылады. Осындай технологиялардың бірі әдіскер-ғалым Н.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы. Бұл технологияның ерекшелігі өзінің бастауын алаш зиялыларының педагогикалық ой-тұжырымдарынан алуында. Жоғарыдағы айтылған А.Байтұрсынұлының дыбыспен жаттықтыру әдісі осы технологияда кеңінен қолданылады.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы балаға білімді деңгейлеп, сатылап береді. Технологияның он деңгейіне жеке-жеке тоқталайық.

**Бірінші деңгейде** теориялық материалдар толық жазылым бойынша сатылай кешенді талданып, айтылым бойынша ауызша талдайды. Яғни сөйлесім әрекетінің екі түрі айтылым және жазылым бірлікте жүзеге асырылады. Бұл деңгейде педагогтың қызметі бірінші орында болады. Яғни, мұғалім айтылым және жазылым әрекеті арқылы тірек сызбаларды басшылыққа алып, теориялық материалдың алғашқы нұсқасын сатылап талдату арқылы білімді оқушылардың саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді. Онда білім алушылар біріншіден – сауатты жазып, оқып, айтуға дағдыланады; екіншіден – материалды жүйелі түрде түсініп, ғылыми тілде баяндауға машықтанады.

Технология авторы Н.Оразахынова бірінші деңгей бойынша жұмыс жасаған білім алушының меңгеретін дағдысы туралы: «Бұл деңгейде білім алушы:

- Сауатты жазып, оқып, айтуға дағдыланады;
- Әр пәннен өтілген материалдарды жүйелі түрде түсініп, ғылыми тілде баяндауға машықтанады;
- Сөйлеу мәнері белгілі жүйеге түсіп, әуезді сөйлеуге жаттығады;
- Өзі талдап баяндап отырған материалдың ерекшелігін дұрыс ажыратып, жолдастарына, мұғалімге нанымды түрде жеткізуге бейімделеді;
- Тыңдаушылар да назар қойып, жолдасының жауабын мұқият тыңдауға дағдыланады, кеткен кемшіліктерді дұрыс аңғарып, оған түзету енгізуге үйренеді», – деп көрсетеді [3].

**Екінші деңгейде** білім алушы теориялық материалдарды қысқаша жазылым бойынша жазып талдап, айтылым бойынша толық ауызша сатылай кешенді баяндайды. Бұл деңгейде сатылай кешенді талдау – жазылым – айтылым – тыңдалым түрінде жүзеге асады. Яғни екінші деңгейден бастап педагог көмекші ғана болып, бағыт-бағдар беріп отырса, білім алушы белсенді түрде жұмыс жасайды. Қазіргі ақпараттық технологияның дамыған кезеңінде балалардың зейіні тұрақсыз, себебі алаңдаушылық басым, ойлары шашыраңқы. Ал «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының ерекшелігі баланың зейінін тұрақтандыруға көп көмектеседі. Нақты алгоритмге құрылған сатылай талдау, мұқият тыңдауды қажет етеді. Сыныптасының жауабын тыңдай білген балада аңғарымпаздық, қызығушылық пайда болады. Бұл өз кезегінде оқушылардың бірін-бірі тыңдау мәдениетін қалыптастырады. Бір-бірінің жауабын тыңдаған оқушы кетіп жатқан қателікті бірден аңғарып, түзетуге тырысады. Бұл баланың сөйлеу сауаттылығын қалыптастырады.

**Үшінші деңгейде** теориялық материалды жазылым бойынша ықшамдау принципімен өрнектеу, айтылым бойынша ауызша толық сатылай кешенді талдау жүзеге асырылады. Бұл деңгейде де тілдік қатынастың бірінші – айтылым; екінші – жазылым; үшінші – тыңдалым әрекеттері қатар іске асады. Бұл технологияның үшінші деңгейінің мақсаты – ұқсас ұғымдарды жинақтап, айырмашылықтарын ажырата біліп, жекеден жалпыға көшу әрекетін жүзеге асыру. Бала математиканы оқығанда нақты ғылым ретінде формуламен қалай жұмыс жасаса, бұл деңгейде де соның кейбір элементтерімен жұмыс жасайды. Сабақты меңгеруде баланың тарапынан жасалатын әрекет логикалық ойлауын шыңдайтын, танымдық дүниесінің баюына жол ашатын қадам.

**Төртінші деңгейде** белгісіздікпен өрнектеу арқылы білім алушы жазылым әрекеті арқылы талдайтын материалын символдармен жазып, айтылым бойынша ауызша толық талдау жүргізіледі. Оқушы тілдік бірліктерді меңгерумен қатар шартты белгілермен жұмыс жасауға үйренеді. Сол арқылы өз беттерінше жұмыс жасау барысында іскерлік дағдысы қалыптасады.

**Бесінші деңгей.** Диалог арқылы талдау. Мұнда көбінде талдау үлгілері ауызша орындалады. Бұл талдау арқылы аңғарымпаздыққа, әріптесінің жауабын мұқият тыңдауға, ойын әрі қарай жалғастырып кетуге машықтанады. Сонымен қатар мұндағы іс-әрекет көбіне ойын түрінде жүргізіледі. Білім алушының білімді ойын түрінде меңгеруі дағды болып қалыптасуына көп септігін тигізеді.

**Алтыншы деңгей.** Жат жазу. Білім алушылардың «Сатылай кешенді оқыту» арқылы меңгерген теориялық білімдерін жатқа жаздыру арқылы: а) теориялық білімді меңгеру деңгейін; ә) талдауды сауатты жүргізу машығын; б) орфографиялық сауаттылығын; в) тыныс белгілерді дұрыс қою дағдысын қалыптастырады, келесі кезекте кері байланыс жүзеге асырылады. Технология авторы Н.Оразахынова алтыншы деңгейде жат жазуды беруде Ж.Аймауытовтың мына ой-тұжырымын басшылыққа алады. Ж.Аймауытов: «...*ережені түбірлей беру жақсы әдіс емес, жақсы әдіс оны талдау, тексеру, ойлай білу, содан кейін «жай пысықтап, қайталап» деген толықтырғыш бөлімін қосу керек. Жаттату сонда керек болады. Енді ол ережені оңай ұғады. Жабайы жаттағаннан гәрі миға тереңірек қонады*» [4, 138 б]. **Жетінші деңгей. Уақытқа талдау.** Уақытқа талдаудың басты қағидалары – әр сөйлемді, сөзді, дыбысты сауатты талдау, анық, айқын айтуға дағдыландыру. **Сегізінші деңгей. Компьютерлік талдау.** Бүгінгі ақпараттық технология заманында оқушы тақырыпқа сай мазмұнды компьютерді пайдаланып орындауға қалыптасып қалған. Сондықтан мұғалім ақпараттық технологияны мақсатты түрде нағыз оқу құралына айналдыруы керек. Бұл білім алушылардың ақпараттық құралдармен сауатты әрі жылдам жұмыс жасау машығын қалыптастырады. Талдап отырған сөйлеміне, сөздеріне қажетті материалдарды ақпарат көздерінен алуға дағдыланады.

**Тоғызыншы деңгей. Тест.** Тест – оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың тиімді әдісі. Тестің түрлері көп, оны мұғалім сабақтың мақсатына қарай таңдап алуы керек.

**Оныншы деңгей** шығармашылық деңгей. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының тоғыз деңгейін меңгерген білім алушы оныншы деңгейде өзінің жинаған білімінің қорытындысын береді. Яғни оқушының ізденісі, ақпарат көздерін пайдаланып жинаған материалдарыт.б. жұмыс түрлерінің жинақталған кезеңі осы шығармашылық деңгейде көрінеді. Оқушының жазу сауаттылығы, оқу сауаттылығы, функционалды сауаттылығы осы шағырмашылық деңгейде анықталады.

Осы деңгейге дейінгі алған білімдерін басшылыққа ала отырып әр пәннің мазмұнына сәйкес түрлі шығармашылық жұмыстар жасауға дағдыланады.

Қорыта келгенде, оқушының жазу сауаттылығын қалыптастырудың алғышарты әріп, дыбыс, буынды меңгеруінен басталады. Жазу ережесін сақтап үйренген оқушы сауатты жазуға қалыптасады. Оқушыны қатесіз жазуға, мәнерлеп оқуға, дұрыс сөйлеуге, көркем шығарма оқуға үйрету – оқу, жазу сауаттылығының кепілі. Оқушыларды сауаттылыққа үйрету мұғалімнің шығармашылығын көрсетеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. **Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.** 2007 жыл 27 шілде.
2. **А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы.** Алматы, 1992. – 448 б.
3. **Оразахынова Н.А. Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері,** дисс.пед.ғылымдарының док. 13.00.01, 2007.
4. **Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы,** 4Т. – Алматы: Ғылым, 1998. – 436 б., 301-б.
5. **Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.**

ӘОЖ 821.512.122

#### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ КӨРІНІСІ

**Левкович Ж. Ю.** – *Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, «А.Текенов атындағы №2 ОЖББМ» КММ, Павлодар облысы, Тереңкөл ауданы.*

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық қызметінің өмірлік құндылықтары жайында сөз қозғалған. «Кел,балалар,оқылық!» өлеңі арқылы білімнің шыңына шығудың оңай емес